

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Г.К.Сагпазова

Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «Армысың, Алтын күз»

Өткізген: №3 Ерсек «Ботақан» тобының тәрбиешісі Ж.Тамашова

2022/2023 оқу жылы

Жүргізуші: Армысыздар, халайық,

Бармысыздар, халайық!

Күзгі тойды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата – аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаңғы тобы «ботақан» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

(Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарына жайғасады.)

Жүргізуші: жарайсыңдар балалар орнымызға жайғасып отырайық.

Жүргізуші: Күздің қазан айында,

Алма алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып,

Сыбдыр-сыбдыр етеді.- дей отырып келесі кезді таппақтарға берейік.

Жүргізуші: Қ. Еркебұлан, Б.Раяна, Дарина. Бүлдіршіндерді шақырамыз.

Қ. Еркебұлан: Айнала жым-жырт

Көк аспан сұрғылт

Жер жыртқан тыңда

Трактор қырда

Б.Раяна: Қарашы күз келді, күз келді

Жапырақ жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен тізеді.

Қара бұлт қабағын түйеді

Дарина: Құстар қайтып ән салып

Бұлт шарлады аспанды,

Қыс келеді жар салып,
Күз суық басталды.

Жүргізуші: жарайсыңдар балалар орнымызға жайғасып отырайық.

Жүргізуші: Думан толы асқарлы

Күз мезгілі басталды.

Күз әуен кеп жетті,

Әнге бөлеп жастарды - келесі кезекті ән берейік.

Ән: «Күзгі валь»

Жүргізуші: жарайсыңдар балалар орнымызға жайғасып отырамыз.

Жүргізуші: Құстар қайтты ән салып,

Бұлт шарлады аспанды

Қыс келді жар салып

Күзгі суық басталды – дей отырып келесі кездете тақпақтарға
берекейік. Ортаға: Шахан, И. Еркебұлан, Әмина, Нұрислам.

Шахан: Қамба толды астыққа

Алғыс саған алтын күз

Бір уыс дән шаштық та

Қап-қап қауын алдық біз

Нұрислам: Асханадан шықпаймын,

Атым пияз, бұқпаймын.

Көзден жасты шығарам,

Тұмаудан бірақ, сақтаймын.

Әмина: Өсіретін бойыңды

Дамытатын ойыңды.

Қоянға да азықпық

Сәбіздерміз тәттіміз

Жүргізуші: жарайсыңдар балалр орнымызға жайғасып отырайық.

Жүргізуші: Қане, шеңбер кұрайық,

Билеп-билеп алайық.

Шыр етіп айналып,

Теріс қарап отырайық- келесі кезекті би берейік.

Би: «Балапан »

Жүргізуші: Құстар қайтты ән салып,

Бұлт шарлады аспанды,

Қыс келді жар салып

Күзгі суық басталды-дей отырып. Келесі кезекті әнге берейік.

Ән: «Алтын күз»

Жүргізуші: жарайсың балалар. Орнымызға жайғасып отырайық. Балалар бір ойын ойнайықшы.

Ойын: «Жемістер мен Көкөністер».

Ойынның шарты: балалар көкөністер мен жемістер ажыратып екі корзинаға салады.

Жарайсыңдар балалар бір тынығып алдық. Балалар «Алтын күз» мерекесіне жиналды. Ата –аналарымызда келді. Бірақ бізде кім жетіспейді. Сендер білесіңдерме ол кім?

Балалар : Ол күз ханшайымы.

Жүргізуші: Ендеше күз ханшайымын шақырайық.

(Сикырлы әуен ойнайды. Балалар тыңдайды. «Күз ханшайымы» кіріп келеді.)

Күз ханшайымы: Береке бақ дарыған,

Жомарт көңіл жарқын күз.

Сары алтынга малынған,

Мен Күз ханшайымымын,

Сендерді көргеніме өте қуаныштымын!

– Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Күз бақыт, береке әкелсің!

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдерме, балалар!

Балалар: Сәлеметсізбе, «Күз ханшайымы»

Күз ханшайымы: Балалар, сендер менің күз мезгілі екенімді қайдан біліп қойдыңдар?

Балалар: Сары жапырақтарыңыздан.

Жүргізуші: – Қош келдіңіз, «Күз ханшайымы», төрлетіңіз! Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Жүргізуші: Көк майсалды көрікті

Алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін- дей отырып келесі кезекті тақпақтарға берейік. Ортаға: Нұрхан, М.Айзере, Алинұр, Айзере,

Нұрхан: сап-сары маңай

Сап-сары тоғай

Соңғы әнін айтып

Құс кетті қайтып

М. Айзере: Алақай алақай

Шаттанды балақай

Күз түсті, дән пісті

Айтамыз алғысты

Алинұр: ұшты кенет жапырақ

Ой, алақай, тамаша

Шашу шашты жапырақ

Жүргізуші: жарайсындар балалар орымызға жайғасып отырайық.

Жүргізуші: келді міне күз

Айнала сары түс

Еремет тамаша,

Қандай әсем күз-дей отырып келесі кезекті биге берейік.

Би: «Көңілді би»

Күз ханшайым: балалар сіздермен бір ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын: «Дәмін ажырат»

Ойынның шарты: Бізге екі бала қажет, олардың көздерін орамалмен байлап, мына тұрған ыдыстағы жеміс пен көкөністі қолдарымен ұстап, дәмін татып анықтаулары қажет.

Күз ханшайымы: Жарайсындар балалар, өте дәм сезгіш екенсіңдер.

Жүргізуші: Балалар, күздің алып келген көкөніс, жемісі дәмді ме екен?

Балалар: Иә, өте дәмді.

Жүргізуші: жел тынымсыз гулідеп

Болып кетті тым терек,

Шуылдайды тал, терек

Жапырағын жұлғызып-дей отырып келелесі кезекті мақал-мәтелге кезек берейік ортаға: Айару, Аяулым, Жайна, Бағдаулет, Керім.

Айару: екпей егін шықпас

Үйренбей білім жұқпас

Аяулым: жердің сәні егін

Ердің сәні білім

Жайна: егіндікті күз суар
Күз суарсаң, жүз суар

Бағдаулет: не ексен соны орасың

Керім: жері байдың-елі бай

Жүргізуші: жарайсыңдар балалар орымызға жайғасып отырайық.

Жүргізуші: Балабақша бағында,
Сайраңдаймыз жанында.
Нақ өзіндей бүлдіршін,
Көп достардың жанында,- деп, біздің кішкентай биші
қыздарымызды «Алтын күз» биін қарсы алыңыздар.

Би: «Алтын күз»

Жүргізуші: жарайсыңдар балалар жайғасып отырайық.

Күз ханшайымы: Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Ендеше мені басқа балалар күтіп жатыр. Сау болыңдар балалар!(Күз кетеді)

Балалар: Күз ханшайымымен қоштасады.

Жүргізуші: Осымен «Ботақан» тобының «Алтын күз» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын! Сау болыңыздар!

